Наурыз

3 Көктеммен келген жылылық

6 Ұлттық спорт ұлықталған күн

Сыр бойы

№44 (20718)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

21 наурыз, бейсенбі 2024 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

Президент Наурыз мейрамында Алматыда болады

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарымен Алматы қаласына барды.

Ақорданың ресми ақпарат көзінің хабарлауынша, бүгін Президент Наурыз мейрамына орай ұйымдастырылатын бірқатар іс-шараға қатысады.

Жарлыққа қол қойды

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты тақырыпта өтетін Қазақстан халқы Ассамблеясының кезекті XXXIII сессиясын шақыру туралы Жарлыққа қол қойды.

Ақорданың баспасөз қызметінің хабарлауынша, Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIII сессиясы 2024 жылы 24-25 сәуір күндері Астана қаласындағы Президенттік орталықта өтеді.

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

Ауылды қолдау – келешекті ойлау

Сейсенбіде ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында ауылдық аумақтарды дамыту, салықтық және кедендік әкімшілендіру, цифрландыру мәселелері көтеріліп, нақты тапсырмалар берілді.

Мәжілістен кейінгі жиында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев берілген тапсырмаларды нақтылады.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

– Облыс халқының саны 841,8 мың адам болса, оның 53%-ы ауылда тұрады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы ауылдық жерлердің әлеуетін арттыруға баса назар аударып, ауыл-аймақтарды кешенді түрде өркендету аса маңызды екенін үнемі айтып келеді. Сондықтан ауыл тұрғындарының тұрмысын жақсарту – басты мақсаттардың бірі. Ауылдық аумақтарды дамытудың тұжырымдамасына сәйкес, облыста ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Тұжырымдаманың басты мақсаты – ауылдың инфрақұрылымын дамыту, кәсіпкерліктіқолдау,кадрларменқамтамасызету.Инфрақұрылым мәселелері «Ауыл – ел бесігі» жобасы шеңберінде шешілуде. Жобамен 372,1 мың тұрғыны бар 58 тіректі, 45 спутниктік, барлығы 103 ауылдық елді мекен қамтылады. Соңғы 5 жылда 69 елді мекенде құны 30 млрд теңгеден асатын 443 жоба жүзеге асырылды. Осылайша облыс халқының 98 пайызы, ауылдық елді мекендердің 86 пайызы орталықтандырылған ауызсумен қамтамасыз етілген. 194 шақырым электр желілері қайта жаңғыртылып, 35 ауылдық елді мекен газдандырылды, – деді аймақ басшысы.

2-бет

СЕМИНАР

Мемлекеттік рәміздерді қадірлеу – әрбір азаматтың міндеті

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі облыс әкімдігінің ұйымдастыруымен мемлекеттік рәміздерді насихаттау, геральдика белгілерін жетілдіру жөнінде республикалық семинар өткізілді. Оған облыстағы басқарма мен инспекциялардың жауапты мамандары, қала, аудан, кент пен ауылдық округ әкімдері, БАҚ өкілдері қатысып, өзара құнды деректермен, зерттеулермен танысып, тәжірибе алмасты.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

3-бет

ӨРКЕН

Суреттерді түсірген Б.Есжанов

Баспана – бақыт ұясы

Қызылордада Наурыз мейрамы қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Жаппасбай батыр көшесіндегі көпқабатты үйден 80 отбасыға пәтер кілтін табыстау рәсімі өтті. Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты алдағы Ұлыстың ұлы күнімен құттықтады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Халықтың басым көпшілігі үшін тұрғын үй – ең өзекті мәселе. Мемлекет шын мұқтаж адамдарға ғана жәрдем береді» деп атап өткен болатын. Халықты баспанамен қамту еліміздегі негізгі басымдықтың бірі десек, өңірде бұл бағытта тындырымды тірлік атқарылуда. Өткен жылы 4108 пәтерлік 300 тұрғын үй салынды, 2400-ге жуық пәтер табысталып, 11 мыңнан астам тұрғынның баспана мәселесі шешімін тапты. Халықтың тұрмыс жағдайының жақсаруы, жайлы өмірінің кепілі болып саналатын баспанамен қамту жұмыстары биыл да қарқынды жүруде. Бюджет қаражаты есебінен 14,3 млрд теңгеге 1890 пәтерлік 70 тұрғын үй салынады. Оның 16-сы жеті қабатты болады. Жыл басынан бері Тасбөгет кентінде 172 отбасы баспаналы болса, бүгін міне, өздеріңіздің қатысуларыңызбен 80 отбасы қоныс тойын тойлайды. Алдағы аптада «Сыр жастары» жеңілдетілген ипотекалық несие бағдарламасымен тағы да 60 отбасына пәтер кілті табысталады. Бұл – тұрғындар әл-ауқатын арттыру бағытындағы мемлекет қолдауының нақты көрінісі, – деді аймақ басшысы.

3-бет

ЖАҢА НЫСАН

Теннис орталығының іргетасы қаланды

Кеше Қызылорда қаласының сол жағалауында үстел теннисі орталығының іргетасы қаланды. Салтанатты шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, игі тілегін білдірді.

– Биыл Ұлыстың ұлы күні Наурызнама онкүндігі аясында атап өтілуде. Бұл онкүндік төл мерекемізді тойлаудың жаңа дәстүрлерін қалыптастыруға, ең жақсы адами қасиеттерді – қайырымдылықты, адалдық пен мейірімділікті насихаттауға бағытталған. Елдік пен ынтымаққа шақыратын мерекеге Сыр өңірі баянды бастамалар, жақсы жетістіктермен жетті. Наурызнама онкүндігінде 20 наурыз – Ұлттық спорт күні болып белгіленген. Осы атаулы күнге орай бүгін құны 2,7 млрд теңге болатын үстел теннисі орталығының іргетасы қалануда. Облыста бұқаралық спортпен шұғылданатындардың үлесі 39 пайызға, яғни, 328 597 адамға жетті. Халықты бұқаралық спортпен шұғылдануға ынталандыру үшін талапқа сай спорт нысандары қолжетімді болуы керек. Аудандарда 11 денешынықтыру кешені салынды. Облыс орталығында халықаралық стандарттарға сай келетін орталық стадион және жабық бассейні бар көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешені ел игілігіне табысталады. Осы спорт нысандарында еліміздің көк байрағын әлемдік жарыстарда желбіретін чемпиондарымыз тәрбиеленіп, түлеп ұша берсін! – деді облыс әкімі.

Үстел теннисі орталығы құрылысының бас мердігері – «СК Дәнекер» ЖШС, бас жобалаушысы – «Шынар Проект және Компания» ЖШС, техникалық қадағалаушы – «Нұрәлем Құрылыс» ЖШС. Орталық 2025 жылы пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Жиында спорт саласының ардагері Жақсыбек Егізбаев Сыр спортының жетістіктері мен жеңістері көп болуына тілектестігін білдірді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

Валюта бағамы $ 451,08 kzt € 489,06 kzt ₽ 4,88 kzt

Ауа райы +6⁰ +7⁰ +10⁰ +2⁰

Ауылды қолдау – келешекті ойлау

Жиында облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Медет Усаин ауылдық елді мекендерді дамыту бойынша алда атқарылатын жұмыстарды баяндады.

– Қазіргі кезде елді мекендердегі электр желілерінің тозу деңгейі 66 пайызды құрайды. Биыл 11 млрд теңгеге 741 шақырым әртүрлі кернеудегі электр желілері мен 127 қосалқы станцияны қайта жабдықтайтын боламыз. Нәтижесінде тозығы жету деңгейі 61 пайызға төмендейді. Жалпы біз бұл бағытта 2030 жылға дейін нақты жоспар бекіттік. Ол бойынша 109 млрд 860 млн теңгеге облыс бойынша электр желілерін қайта жаңғыртатын боламыз. Нәтижесінде тозығы жету деңгейі 35 пайызға дейін төмендейді деп күтілуде. Газбен қамтамасыз ету бағытында былтырғы жылдың қорытындысымен халықтың 75 пайызын газбен қаматамасыз етуге қол жеткіздік. Биыл және 28 пайыз қамту межеміз бар. «Көгілдір отынмен» қамтуда да 2030 жылға дейін бекітілген жоспарымыз бар. Оның аясында жалпы халық санымен есептегенде 91,3 пайыз тұрғынды газбен қамтамасыз ету көзделген. Облыс халқының 98,4 пайызы сумен қамтамасыз етілген. Биыл 14 жоба жүзеге асырылып жатыр. Келер жылға 20 жоба ұсынылып отыр, – деді басқарма басшысы.

Осы орайда аймақ басшысы ауылдарды дамытуда атқарылатын жұмыстардың сапалы әрі мерзімінде орындалуын қатаң ескертті.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ: ЖАУАПКЕРШІЛІК ҮЛКЕН

Жиында Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында Мемлекет басшысы тапсырған 4 ауқымды инфрақұрылымдық бастаманы жүзеге асыру барысы егжей-тегжейлі қаралып, тиісті міндеттер айқындалды.

Аймақ басшысы қала және аудандардың әлеуетін ескере отырып, биылға барлық көздерден 517 млрд теңге инвестиция тарту межесі қойылғанын еске салды. Осыған орай, жауапты орынбасарына бір апта ішінде аудан және қала бөлінісінде инвестиция көлемін ұлғайту мүмкіндігін қайта зерделеп, ұсыныс енгізуді тапсырды. Нұрлыбек Машбекұлы қала және аудан әкімдері жұмысының тиімділігі инвестиция тарту көрсеткішімен бағаланатынын ескертті.

– Күні кеше Үкімет басшысының төрағалығымен өткен жиында Мемлекет басшысының ауқымды инфрақұрылымдық бастамаларын мерзімінде іске асыру тапсырылды. Бірінші, қолданыстағы жылу көздерін жөндеу және инженерлік желілерді модернизациялау. Жылумен қамту - облыстағы күрделі мәселенің бірі. Қолданыстағы жылу орталығының тозығы жетуіне байланысты түрік инвесторларымен бірлесіп, құны 215 млрд теңге болатын жаңа жылу орталығының құрылысын бастадық. Нысан 2025 жылы іске қосылады. Ендігі кезекте тозығы жеткен жылу желілерін кезеңкезеңімен жаңғыртуымыз қажет. Екінші, елді мекендерді газдандыру деңгейін арттыру. Республика бойынша 1796 шақырым газ құбырларын жаңғырту арқылы 300 мыңнан астам тұрғыны бар 87 елді мекен газдандырылмақ. Бұл бағытқа республикалық бюджеттен 195 млрд теңге қаралған. Облыстың елді мекендерін газдандыру мәселесін де шешуіміз қажет. Бірінші кезекте халық көп шоғырланған елді мекендерді газбен жабдықтауға басымдық беру керек, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына Қызылорда қаласы және аудандар әкімдерімен бірлесіп, республикалық бюджеттің нақтылануы және 2025 жылға бекітілуі кезінде осындай жобаларға қаржы тарту үшін тиісті министрлікпен жұмыс жүргізу тапсырылды. Мұнан бөлек, жиында тұрғын үй құрылысының көлемін ұлғайту тапсырмасына сәйкес 18 млн шаршы метр үй салу туралы айтылды. Бұл мақсатқа республикалық бюджеттен 272 млрд теңге қаралады.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Үкіметке сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үйлердің көлемін арттыруды тапсырды. Бүгінгі күні ипотекалық тұрғын үйге ауылдық жерде сұраныс аз болғандықтан, жалға берілетін тұрғын үй салу экономикалық жағынан тиімді. Министрліктен сұраныс болған жағдайда, ұсынатын өтінімдер тиісті құжаттарымен бірге дайын болуы қажет.

Төртінші бастама – елдің жол желісін салу және жаңғырту. Мемлекет басшысы ел аумағында қосымша 2,5 мың шақырым жол салуды тапсырды. Бүгінде облыстың жергілікті маңызды автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық жағдайы 87,5 пайызға жетті. Биыл бұл көрсеткішті 90 пайыздан асыру міндеті қойылған. Аймақ басшысы Үкіметтен бөлінетін қаржыны өңірге тарту бойынша тиісті жұмыстарды ұйымдастыруды тапсырды. Бұл шаралардың барлығы өңірге ауқымды инвестиция әкелуге қолайлы мүмкіндік бермек.

ҚАРЖЫ ҚАЗАНЫНА ҚЫРАҒЫЛЫҚ ҚАЖЕТ

Күн тәртібіндегі және бір мәселе – салықтық және кедендік әкімшілендіру, цифрландыру бойынша облыс әкімі тапсырмаларды нақтылап, жауапты мекемелермен бірге атқарылатын жұмыс жоспарын айқындады.

– Ұлттық Құрылтайда Мемлекет басшысы бюджетті оңтайландыру міндетін айқындап берді. Экономикалық өсімге әсер ететін басым бағыттарды ғана қаржыландыру қажеттігін атап өтті. Осы ретте, аймақта тиімді бюджет және салық саясатын жүргізу, өңірдің қаржы қазанына түсімдердің толыққанды түсуін, тиімді жоспарлануын әрі игерілуін сапалы және нәтижелі ұйымдастыру – басты міндетіміз. Өңіріміздің республикалық бюджеттен берілетін субвенцияға тәуелділігін төмендетудің бірден-бір жолы жергілікті бюджеттің салық базасын ұлғайту екендігі белгілі. Сондықтан облыс, аудандар мен Қызылорда қаласы бюджеттерінің кіріс көзінің тиімді жоспарлануына және орындалуына жауапкершілікпен қарап, тұрақты бақылау жүргізу қажет, – деді аймақ басшысы.

Аталған мәселелер бойынша облыстық экономика және қаржы басқармасына Қызылорда қаласы, аудан әкімдерімен, мемлекеттік кірістер органдарымен бірлесіп, салық пен бюджет төлемдері бойынша резервтерді анықтау жөніндегі алгоритм шеңберінде жұмысты жандандыру тапсырылды. Елді мекендерде бақылау-кассалық машиналарын қолданбайтын субъектілерді анықтау үшін рейдтер жүргізілетін болады. Мұнан бөлек, мемлекеттік кірістер органдарында тіркелмеген салық салу нысандарын анықтау жөніндегі жұмысты күшейту қажет. Жеңілдетілген шартпен кредит, грант алатын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің салықты толық және мерзімінде төлеуіне бақылауды күшейту, жергілікті бюджетке түсімдердің қосымша көздерін қарастыру жөнінде тапсырмалар берілді.

ҚОЙМАДАҒЫ ӨНІМ УАҚЫТ КҮТПЕЙДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен арнайы мәжілісте азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі өткір қозғалды.

Аймақ басшысы әлеуметтік маңызы бар азық-түліктің халыққа арзан бағамен ұсынылып, уақытылы сатылуы керектігін қатаң ескертті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Қауіпсіздік кеңесінің отырысында халықты қолжетімді азық-түлікпен қамтамасыз етуді қатаң тапсырды. Азық-түлік өнімдерін өндіруде, өткізуде бағаны ашық белгілеуді, өнімсіз делдалдармен күресуді атап өтті. Осы орайда, Үкімет барлық өңірлердің халық санын ескеріп, маусымаралық кезеңдегі көкөніс өнімдерінің нақты көлемін бекітті. Біздің өңірдің тұрақтандыру қорына 5 мың тоннаға жуық өнім көлемі белгіленіп, сатып алынды. Бұл халықтың қысқы-көктемгі қажеттілігін қамтамасыз етуге есептелген. Алайда бүгінгі күнге небәрі 8 пайызы ғана өткізілген, сатылғаны – 384 тонна. Ел үшін алынған тауар жұртшылықтың тұтынуы үшін сатылуы керек. Осы жұмысты сіздерге 10 күн бұрын тапсырдым. Әлеуметтік желілерде тарату туралы да айттым. 4-5 күн бұрын қала, аудан әкімдеріне тағы тапсырдым. Іске жауапкершілікпен қарап, қолда бар мүмкіндікті пайдаланбаған соң, бүкіл еңбек зая кетуде. Біздің негізі мақсатымыз – халыққа азық-түлікті тиімді бағада ұсыну. Тұрғындардың жағдайы, олар тұтынатын азық-түліктің жеткілікті көлемде, қолжетімді бағада болуы – бірінші орындағы мәселе. Сондықтан алдағы уақытта да көкөніс өнімдері қолайлы бағада ұсынылатын болады, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Жыл басында облыс әкімі қоймадағы көкөністерді тұтынушыларға арзан бағамен сатуды тапсырған болатын. Өйткені, қордағы көкөністердің көктем жақындағанда бұзыла бастайтыны белгілі. Осының алдын алу үшін ертерек әрекет етіп, тезірек қимылдау керектігін ескерткен. Мысалы, базардағы пияз бағасы 80-120 теңге аралығында болса, оны «Байқоңыр» ӘКК арқылы барлық аудандар мен қалада 30-35 теңгеден сату міндеттелді. Алайда бірде-бір аудан әкімі бұл тапсырманы орындамаған. Бүгінгі жиында аймақ басшысы «Байқоңыр» ӘКК» АҚ басқарма төрағасы Ғизат Әбілтайға, барлық жауапты басшыларға, қала, аудан әкімдеріне қатаң ескерту жасады. Бұл жұмыстар уақытылы әрі жүйелі жүзеге асқанда, ең алдымен халыққа қолайлы болатын еді. Екіншіден, базар бағасын тұрақтандыруға оң ықпал ететін. Естеріңізде болса, өткен жылы қоймадағы көкөністі жарамсыз күйге түскенге дейін сақтаған «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының басшысы жұмыстан босатылған болатын.

1-бет

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА №15 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ШЫҒЫП ҚАЛҒАН ДЕПУТАТТЫҢ ОРНЫНА КАНДИДАТ ШАУКЕНБАЕВ АСХАТ ҚАСЫМҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

ӨМІРДЕРЕК

Шаукенбаев Асхат Қасымұлы 1985 жылдың 7 тамызында Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Іңкәрдария ауылында дүниеге келген. Ұлты – қазақ.

1991-2000 жылдары №191 орта мектепте білім алады. 2000-2004 жыл аралығында И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлы-техникалық колледжін «Техник-электрик» мамандығы бойынша бітірген. 2008-2012 жылдары «Ақмешіт» институтын экономист мамандығы бойынша тәмамдаған.

2004-2024 жылдар аралығында жеке кәсіпкерлікпен айналысады. 2010-2012 жылдары – «Нұр Отан» партиясы Қызылорда қалалық филиалының ұйымдастыру бөлімінің консультанты. 2012-2014 жылдары – «Байтерек-Групп + АА» ЖШС директор орынбасары. 2015 жылдан бастап «БИАЛИ» спорт компаниясының директоры.

«Халық алғысы» мемлекеттік наградасымен, ҚР Президентінің алғыс хатымен, облыс, қала әкімдерінің алғыс хатымен, Қызылорда қаласының 200 жылдық мерейтойлық төсбелгісімен марапатталған.

Отбасылы, жұбайы екеуі төрт бала тәрбиелеп отыр.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті сайлаушылар!

Мен бүгінгі күнге дейін саясатта да, бизнесте де жұмыс істеп, біраз тәжірибе жинадым. Енді депутат ретінде елге қызмет етсем деген арманым бар. Қызылорда облыстық мәслихат депутаттығына өз кандидатурамды ұсынып, бақ сынағанды жөн көрдім. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Әділетті, Жаңа Қазақстан құру идеясын қолдап, еліміздің өркендеуіне өз үлесімді қосқым келеді. Осы орайда халық пен билік арасындағы алтын көпір қызметін атқаратын депутат болып сайлансам, елдің мұң-мұқтажын шешуге жергілікті атқарушы билікпен бірге атсалысып, елге қызмет етсем деймін.

Алдағы сайлауда ел сеніміне ие болсам, мынадай мәселеге назар аударамын.

✓ Қала – ортақ үйіміз. Тұрғындарға өмір сүруге жайлы қала жасау – уақыт талабы. Минут сайын жаңалықтар өзгерген заманда уақыт талабына сай «ақылды» қалаға айналу маңызды. Ақылды қала – қауіпсіз қала. Ақылды қала – инфрақұрылымы дамыған, өмір сүруге қолайлы қала. Алдағы уақытта өз қаламыздың осы талаптарға сай болуын жүзеге асыруға бар күшімді саламын.

✓ Жасыл қала. Бұл да қалалықтардың бір арманы дер едім. Табиғаты ерекше, жазы аптапты ыстық қала тұрғындары үшін жазда жасыл желекті саябақтар, субұрқақты аллеялар қажет екені белгілі. Қаламызды жасыл қалаға айналдыру – өзекті мәселенің бірі. Бұл орайда қаланы түгелімен аяқсумен қамтамасыз ету жобасын жүзеге асыруды назардан тыс қалдырмаймын.

✓ Ұлт болашағы. Жастар – ұлт болашағы. Сондықтан да болашағымыздың тәрбиесі балабақшадан басталу керек. Қалада бүлдіршіндердің сапалы балабақшамен қамтылуы, түрлі тегін үйірмелердің жұмыс істеуі, сонымен қатар «Жайлы мектеп» бағдарламасының сапалы жүзеге асуына назар аударамын.

✓ Еңбек. Ел болашағы жарқын болуы үшін еңбектену керек. Бұл мақсатта жұмыссыздық мәселесін шешу, қала мен қалаға қарасты ауылдарда жаңа жұмыс орындарын ашу, шағын және орта кәсіппен айналысуға барынша қолдау көрсету, мемлекеттік бағдарламалардың тиімді орындалуын әрдайым назарда ұстаймын.

✓ Ана мен балаға қамқорлық жасау. Көпбалалы аналардың қоғамдық көлікте тегін жүру, дәрі-дәрмектерді жеңілдікпен алу секілді мәселелердің шешімін табуына ықпал етемін.

✓ Мүмкіндігі шектеулі жандарға қолайлы орта жасауға назар аударамын.

✓ Денсаулық – басты байлық. Алдағы уақытта халықтың денсаулық жағдайын жақсарту үшін тегін медициналық қызмет алу тетіктерін әлде де жақсарта түсу жұмысын қолға аламын.

✓ Қаржылық сауаттылық. Бүгінде несиеге байланған халық аз емес. Осы орайда халық табысын арттыру бағдарламасының тиімді жүзеге асуын қадағалаймын. Сонымен қатар халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында тегін курстар ұйымдастыруға ықпал етемін.

✓ Еңбек адамын дәріптеу. Кейінгі толқынға тәрбие әрі үлгі ету мақсатында еңбек адамын дәріптеу қажет. Бұл мақсатта түрлі шаралар ұйымдастыруға, еңбек адамына құрмет жасауды назарда ұстаймын.

✓ Қаладағы көпқабатты үйлерді жаңғырту жұмыстарының сапалы жүргізілуін, көпқабатты үйдің бірінші қабатында орналасқан кәсіпкерлік нысан иелерінің әлеуметтік жауапкершілікті сезінуін, үй тұрғындарына зиян келтірмеу жайын қарастырамын.

✓ Өзіме қарасты округ тұрғындарының түйткілді мәселесінің шешімін табуына ықпал етемін.

✓ Халық үнін еститін Үкімет бағдарламасының ел ішінде жүзеге асуына үлес қосамын. Бұл мақсатта халықтың арыз-шағымын, тілегін әрдайым тыңдап өз кезегінде шешімін табуына ықпал етемін. Бұл орайда әрдайым сайлаушылармен кездесу өткізуді назарда ұстаймын.

✓ Бұқаралық спортты дамыту мақсатында қаланың кез келген жерінде халықтың спортпен айналысуына жағдай жасау қажет. Бұл мақсатта демалыс орындары мен спорт алаңдарын көбейтуге ықпал етемін.

✓ Шағын және орта кәсіпті дамыту. Ел экономикасын алға сүйрейтін шағын және орта кәсіп екені бәрімізге белгілі. Осы орайда халықтың шағын кәсіппен айналысуына барынша жағдай жасау үшін мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын қадағалау, кәсіпкерлерге берілетін гранттардың ашық, жария түрде бөлінуі, бөлінген қаржының нәтижелі игерілуі жайын әрдайым назарда ұстаймын.

Құрметті сайлаушылар!

Алдағы сайлауға белсене қатысып, дұрыс таңдау жасау – әр адамның міндеті. Сайлауға барып, таңдау жасау арқылы болашағымызды айқындайық. Ендеше, сайлауға белсене қатысып, дұрыс таңдау жасайық!

Қаржысы республикалық бюджет қаражатынан төленді.

САПАР

Көктеммен келген жылылық

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Шиелі ауданына жұмыс сапарымен барып, «Бестам», «Телікөл» ауылдық округтеріне газ қосу рәсіміне қатысты. Ауыл тұрғындарын Ұлыстың ұлы күнімен, қос қуанышпен құттықтады.

– Облысты газдандыру жоспары кезең-кезеңімен орындалуда. Барлық аудан орталығы мен 4 қаламыз, 27 елді мекеніміз табиғи газдың игілігін пайдалануда. Биыл 4 млрд теңгеге 12 елді мекенді «көгілдір отынмен» қамтамасыз етеміз. Осылайша өңірімізде тұрғындарды газбен қамту көрсеткіші 78 пайызға жетеді. Қазір ауданның 40 мыңнан астам тұрғыны табиғи газдың игілігін көруде. «Еңбекші», «Жиделіарық», Ә.Тәжібаев, «Алмалы», Досбол датқа, «Бестамға» газ тарату желілерін тарту үшін республикалық бюджеттен 1,5 млрд теңге бөлініп, құрылысы жүргізілді. Өткен жылдан бері «Еңбекші» және «Жиделіарық» ауылдарының тұрғындары газ тұтына бастады. Бүгін «Бестам» және «Телікөл» ауылдары қосылуда. Жақын күндері «Алмалы» және Досбол датқа ауылдарына газ барады. Ауылдарыңызға келген «көгілдір отын» – көптің игілігіне айналып, тұрмыс сапасын арттырып, әлеуметтік жағдайды жақсартуға оң әсер етеді деп сенемін, – деді аймақ басшысы.

Суреттерді түсірген Б.Есжанов

Ауыл тұрғындарын еңбек ардагері Дайрабай Ысқақов та құттықтап, бата берді.

Іс-шара барысында аудан дамуына үлес қосқан азаматтар мен аудан ардагерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Рәсімнен кейін облыс әкімі газ қосылған үйді көріп, ізгі тілегін білдірді.

Сапар соңында аймақ басшысы «Телікөл» ауылдық округіндегі «Наурыз. Қазақстан. Жаңару!» атты мерекелік іс-шараға қатысты.

Баспана – бақыт ұясы

Рәсімде Арайлым Тілеубай қоныстой иелері атынан қуанышын жеткізіп, мемлекет және қоғам қайраткері Бақберген Досмамбетов ақ батасын берді. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан тұрғындар мен құрылысты сапалы салуға атсалысқан мердігер мекеме қызметкерлері марапатталды.

Қазір Қызылорда қаласы мен елді мекендердің келбетіне көрік қосатын әлеуметтік нысандар құрылысы қарқын алған. Сол жағалаудан 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық физика-математика мектеп-интернаты бой көтеруде. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында биыл 10 мектеп ел игілігіне табысталады, тағы 11-нің құрылысы басталады. Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын шыңдау мақсатында «Шығармашылық академиясы», Жаңақорған, Шиелі аудандарында Оқушылар үйі мен Өнер мектептері салынады. Өткен жылы «Отбасы орталығы» және «Анаға тағзым» орталығы өз қызметін бастады. Жақында 1000 орындық «Өнер орталығы» салтанатты түрде ашылса, сол жағалаудан жаңа өлкетану музейі бой көтереді.

Қызылорда қаласында 36 млрд 400 млн теңгеге бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді ауруханың құрылысы басталды. Жаңа «Қан орталығы» Медицина қызметкерлері күні қарсаңында пайдалануға берілмек.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 11 млрд теңгеге 27 нысан салу көзделген. Өткен жылы елді мекендерде 15 дәрігерлік амбулатория, 1 медициналық бекет ел игілігіне табысталып, қазір 30 мыңнан астам халыққа қалтқысыз қызмет көрсетуде. Облыс орталығында халықаралық стандарттарға сәйкес келетін орталық стадион (20,9 млрд теңге) және жабық бассейні бар көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешені (6,8 млрд теңге) салынуда. Жақын күндері заманауи үлгідегі автовокзал ғимараты пайдалануға беріледі.

Инвесторлар қолдауымен 37 млрд 600 млн теңгенің жобалары іске асуда. Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалы салынуда. Жоба құны – 20 млрд теңге, жаңа терминал осы жылы пайдалануға беріледі. «ҚазГерМұнай» компаниясының демеушілігімен 350 орындық заманауи үлгідегі Оқушылар сарайының құрылысы қарқын алды. «Саутс Ойл» компаниясы 650 орындық музыкалық колледж ғимаратының құрылысын бастады.

Биыл 7 ауданда неке қию залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйін біріктіретін, құны 11,5 млрд теңгені құрайтын «Руханият» орталықтары салынуда.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

1-бет

Наурыз

«Әз Наурыз – игіліктер бастауы»

Кеше Сырдария ауданының Бесарық ауылында «Әз Наурыз – игіліктер бастауы» атты мерекелік шара өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ауыл тұрғындары, аймақ ардагерлері қатысты.

Облыс басшысы жиналған қауымды Наурыз мерекесімен құттықтап, атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– Баршаңызды ырыс пен ынтымақтың, бірлік пен берекенің, жақсы істердің бастауы – Ұлыстың ұлы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Биылғы Наурызға Сыр елі Мемлекет басшысының ерекше қамқорлығының, қолдауының арқасында айтулы жетістіктер, толайым табыстармен жетті. Мерейлі мейрам аясында төтенше жағдайлар қызметіне өрт сөндіру автокөліктері, тұрғындарға жаңа баспаналардың кілті табысталып, бірқатар елді мекендер «көгілдір отынға» қосылды. Бүгін, міне, «Үстел теннисі орталығының» іргетасы қалануда. Өздеріңізбен бірге атқарған ортақ ісіміз өңірдің өсіп-өркендеуіне бағытталады. Бұл – сіздердің адал еңбектеріңіздің, тынымсыз тірліктеріңіздің жемісі. Облыстың биылғы бюджеті 650 млрд теңге болып бекітілді. Бұл қаражат өзекті мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталды. Халықтың қуанышын еселейтін мақсатты бастамаларымызға жеке инвесторлар да қолдау көрсетті.

Инвесторлар қолдауымен 37 млрд 600 млн теңгенің жобалары іске асуда. Сырдария ауданы да серпінді өзгерістердің ордасына айналды. Биылғы аудан бюджеті 11 млрд теңгеден асты. Елдігімізді нығайтып, тұрмысқа тың серпін беретін байыпты бастамаларымыз бен жобаларымыз жалғасын табады. Ұлыстың ұлы күнінде тілеген игі тілектеріңіз қабыл болып, істеріңіз жемісті, еліміз тыныш, Тәуелсіздігіміз мәңгі болғай!», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Мерекелік жиында Сырдария ауданының дамуына үлес қосқан белсенді азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталып, Сырдария және Қармақшы аудандарының Құрметті азаматы, еңбек ардагері Жақай Бодықбаев сөз сөйледі. Сонымен қатар қазақтың дәстүріне сай «Ат қою», «Тұсаукесер», «Селт еткізер» рәсімдері өткізіліп, мерекелік концерт ұйымдастырылды.

Айта кетейік, биыл Сырдарияда 1,7 млрд теңгеге жолдар жөнделіп, жаңа шағын аудандарға инфрақұрылым жеткізілуде. «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері», «Ауыл – ел бесігі» бағдарламалары аясында «Қоғалыкөл», «Шаған» ауылдарында су құбырлары жаңартылса, Тереңөзек кентінде құрылыс жұмыстары қарқын алды. Сондай-ақ Амангелді елді мекенінің су құбырларын жаңғырту басталады. Өткен жылы Қалжан ахун ауылы табиғи газға қосылды. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен Тереңөзек кентінде 1 мектептің құрылысы басталады. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы шеңберінде Амангелді ауылындағы дәрігерлік амбулатория 103 млн теңгеге күрделі жөндеуден өткізілуде. Биыл «Бесарық» ауылында спорт кешені пайдалануға беріледі. С.Сейфуллин, А.Тоқмағамбетов елді мекендеріне газ құбыры тартылуда. Бұл жұмыс жыл соңына дейін аяқталып, «Шаған» ауылын газдандыру басталмақ.

Мемлекеттік рәміздерді қадірлеу – әрбір азаматтың міндеті

Алдымен облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов сөз алып, аймақта мемлекеттік рәміздердің заңдылықтарға сәйкес қолданылуы мен орналастырылуы, оларды насихаттау мен құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тоқталды.

– Облыстық қоғамдық даму басқармасы аймақта мемлекеттік рәміздердің заңдылыққа сәйкес қолданылуы мен орналастыруына бақылау жасайтын өкілетті орган. Басқарманың жанынан құрылған инспекциялық топ жылына екі рет зерделеу жұмыстарын жүргізеді. Өткен жылы бұл топ облыстағы 392 мемлекеттік мекемеге зерделеу жүргізіп, 49 мекемеде кемшілік анықтады. Оның 25-і дер кезінде қалпына келтірілсе, 3 мекеме басшысына әкімшілік хаттама толтырылды. Бұл әлі де мемлекеттік рәміздерді пайдалану мен орналастыру заңдылықтарын тиісті деңгейде білмеудің нәтижесін көрсетеді. Сонымен қатар басқарма Рәміздерді насихаттау мен құрметтеуге бағытталған іс-шараларға да тұрақты түрде мониторинг жүргізіп келеді. Былтыр облыс көлемінде 358 шара өткізіліп, оған 150 мыңға жуық адам қамтылды, – деді.

Семинарға министрліктің Архив, құжаттама және кітап ісі комитеті геральдикалық жұмыс басқармасының басшысы Гүлдана Аргенова қатысып, мемлекеттік рәміздердің пайдаланылуы мен орналастырылуына қатысты заңдылықтар туралы хабарлама жасады.

– Біз мемлекеттік рәміздер туралы конституциялық заңға өзгеріс енгізіп жатырмыз. Ол заң жобасы мәжілістің тыңдалымына ұсынылды. Енді білім беру ғимараттарының сыртында және басшылардың кабинеттерінде, ҚР аумағында орналасқан акционерлік қоғам, жекеменшік компания басшыларының кабинеттерінде, ғимараттарының сырттарында мемлекеттік Тудың болуы міндетті. Кейінгі енгізілген өзгерістерге сәйкес, мемлекеттік рәміздерді неғұрлым көбірек қолдануға рұқсат берудеміз. Бұрын мемлекеттік Туды ғимараттар мен тұрғын үйлерге ілудің нақты ережесі болмайтын. Биылғы заңнамада оның барлығы қамтылып, стандартын көрсеттік. Әрбір Қазақстан азаматы мемлекеттік Туды өзінің жеке үйіне немесе көпқабатты тұрғын үй балконына қоюына құқылы. Барлық спорттық шараларда, оқу жылының ашылуы мен жабылуында көтеріледі. Ол кезде міндетті түрде Гимн орындалады. Заң бойынша мемлекеттік рәміздер элементтерінің бейнесін бір реттік қолданатын заттарға пайдалануға тыйым салынады, яғни брендтік

тауарларға оны қолдануға болмайды. Спорттық киімдерге, оқу құралдарының сыртына немесе күнделікке пайдалануға рұқсат берілген, – деді Гүлдана Мәлікқызы.

Сондай-ақ мемлекеттік мекемелердің ғимаратының сыртында орналасқан рәміздер түнгі уақытта жарықтандырылуы шарт. Ал тұрғын үйлерде ол міндеттелмейді. Осы тұста толығырақ айта кетсек, мемлекеттік Туды жеке және заңды тұлғалар ғимараттарда (тұрғын үйлерде және тұрғын емес үй-жайларда), оның ішінде балкондарда және салтанатты іс-шаралар өткізілетін орындарда патриоттық сезімдерін, қазақстандық бірегейлігін білдіру, елдің, оның азаматтарының жетістіктерін қолдау мақсатында пайдалана алады. Мемлекеттік Ту оның көлеміне қарамастан, ұлттық стандартқа сәйкес келуі тиіс екенін ескерген жөн. Жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік Туды ұлттық стандарт талаптарын бұза отырып пайдалануына жол берілмейді. Гүлдана Мәлікқызы осыдан бірер жыл бұрын Астана қаласының бір тұрғыны Головкинді қолдау мақсатында өз балконына Туды іліп, жауапқа тартылғанын еске салды.

– Өздеріңіз білесіздер, астаналық тұрғын балконына Туды іліп, оған айыппұл салынғаннан кейін көп азаматтар Туды жеке үйде қолданудан қаймығып қалды. Негізі тұрғын үйлерде Мемлекеттік Туды қолдануға болады. Бірақ, Туды тесіп, жыртып немесе шегемен қағып, ілуге болмайды.

– Мемлекеттік Ту тек бір жағдайда ғана төмен түсірілетінін ескеру керек. Ол аза тұту жарияланған қаралы күнде ғана төмен түсіріледі, егер Ту ағашқа байланған болса, шешіп алынады. Ол тек бір тәулікке ғана жарияланады. Ал Мемлекеттік Туды азаматтар көліктеріне қолданса, тек ішіне ғана орната алады. Көліктің сыртына тек Ел президентінің хаттамалық рұқсатымен президентті алып жүретін кортеждердегі көліктерде ғана қолданады. Ең бастысы – Мемлекеттік рәміздерді қолданғанда ұлттық стандарттарға сәйкес ережені ескерген абзал. Елтаңба мен Туды аяқасты етуге жол бермеу – еліміздің әрбір азаматының борышы. Тудың құлағаны – елдің құлағаны деп білсек, еліміздің амандығын, айбынының асқақтауын тілеп, Мемлекеттік рәміздерімізге құрметпен қарайық, – деді Гүлдана Мәлікқызы.

Семинарда мұнан бөлек, Елтаңба мен Гимнге қатысты да бірқатар ақпараттар айтылып, оның қолданылу заңдылықтары түсіндірілді. Қатысушылар Мемлекеттік Тудың сапасына, оны шығарушы және жеткізуші компаниялардың жұмысына қатысты сауалдарына тұшымды жауап алды.

1-бет

ПІКІР-ПАЙЫМ

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев ұсынған «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» идеясы жаңа немесе Әділетті Қазақстан идеясымен үндесіп жатыр. Президент көрсеткендей, «Адал адам дегеніміз – жақсы қасиеттерге ие болып, адал еңбек ететін және табысқа адал жолмен жететін адам». «Адал адам» қалыптастыру идеясы қай қоғамда болмасын үздіксіз көтеріліп келген рухани-танымдық қажеттілік. Мәселен, өз еліміздің тарихи тәжірибесін алсақ, хакім Абайдың «Толық адам», Шәкәрімнің «Арлы адам», М.Әуезовтің «Кемел адам» идеяларының тірегінде жастарды адалдыққа тәрбиелеу, қоғамда адамгершілік қасиеттерді кеңірек дәріптеу мәселелері жатыр. Әрбір қандасының жүрек запыранын қуаныштың жасымен жуғызуға қызмет еткен тұрпатты тұлғалар, мінезді ерлер осындай адал азаматтардың қатарынан шығып отырған.

ТАНЫМ ТАЛҚЫСЫ

Фото: Ашық дерекқоздан алынды

Заманымыздың көрнекті жазушыларының бірі, алаштанушы Т.Жұртбай «Талқы» кітабында «Тұлғасыз ұлт – тұлдыр ұлт. Өйткені, тарихтағы ұлы сілкіністер – ұлы тебіреністерден туады. Ұлы тебіреністер – ұлылардың ой-толғанысы мен таным талқысынан күш алады» деп толғайды. Алаш арыстарының жетекшісі Ә.Бөкейханның «халыққа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деуі де бекер болмаса керек. Айтқандай, қазіргі кезде қоғамға қажетті адал адам тәрбиелеудің жолдары мен нұсқалары қоғамтанушы ғалым Қайрат Жолдыбайұлының «Самға» баспасынан шыққан «Кемел адам» кітабында да жан-жақты көрсетілген. Құрылтайда Президент қойған міндеттің үдесінен шығу күнделікті өмірде адал азаматтарға деген қажеттілік тудыруды алға тартады. Бұны баршамыздың ортақ парызымыз десек артық болмас.

Менің ойымша, бұл бағытта барлық қоғамдық институттардың (саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер, әйелдер ұйымдары, қоғамдық кеңестер, кәсіпкерлер мен зиялы қауым өкілдері, БАҚ, бастамашыл жастар ұйымдары, ата-аналар комитеттері, педагогикалық ұйымдар, т.б.) адал жастар тәрбиелеу ісінде жұдырықтай жұмылатын кез келді деп ойлаймын. Мәселе адамның интеллектуалдық қалыптасуына қатысты болғандықтан біз Мемлекет басшысының бастамасына белсенді түрде жауап беруге тиіспіз. Соның бір формасы ретінде мәселен, орта және арнаулы оқу орындарының рейтингін бағалағанда олардың қызметін қанша оқушы мектепті үздік бітіргенімен емес, қаншалықты шығармашылықпен ойлауға қабілетті, интеллектуалдық деңгейі жоғары оқушы тәрбиелей алғаны басты критерийге айналғаны абзал. Осыны кешенді түрде қолға алсақ, жемқорлық дағдылардан бойы аулақ, ұстаздарының көмегі және ата-аналарының қолдауы арқасында шығармашылық қабілеті шыңдалған, ата-бабадан қалған ізгі салт-дәстүрлер мен әдеп-ғұрып нормаларын түп санасына орнықтыра алған жас жеткіншектің жан-жағына жастық жалыны мен адамгершіліктің, адалдықтың нұрын шашып жүрері шүбәсіз. Тек осыған қоғам бірінші кезекте мүдделілік танытуы қажет.

Қазір білімге жыл сайын облыстық бюджеттің жарымына жуығы бөлінеді. Бұл білім алушыларға жасаған шынайы қамқорлық екені даусыз. Десек те, тәрбие ісіне де айрықша көңіл бөлетін мезгіл жетті. Ең болмағанда түзу жүру үшін екеуін тең ұстаған абзал. Кешегі кеңестік кезеңде «Бала тәрбиесі – баршаның ісі» деген маңызды ұран болушы еді... Меніңше, бұл жерде гәп білім мен тәрбие ұғымдарының ішкі құрылымдарында жатыр. Анығында, тәрбие – этикалық процесс. Оның ұстанымдары, дағдылары талай тарихи сыннан өткен, ұлттық ерекшеліктерді сақтауға бағытталған және діни прогрессивті канондармен үндесетіндіктен көп өзгере бермейді. Ал білім – аккумулативті процесс. Бұның философиялық мәні, яғни қажеттілігі төмендемесе де құрылымы мен мазмұны уақыттың немесе әр дәуірдің сұранысына сай жиі өзгеріп отырады. Мысалы, биыл жазылған оқулықтың аз уақыттан кейін қажетке жарамай қалуы кәдік. Сол себептен тәрбие беру ісі өркениетті елдерде бірінші орында.

Әлемнің ұстазы әл Фараби бабамыз «Тәрбиесіз білім алған адам – адамзаттың қас жауы» деп ешқашан өзектігін жоймайтын өсиет қалдырған. Ғұламаның осы өсиетін әрбір мектептің маңдайшасына жазып қойса да артық болмас еді. «Алдымен – экономика, сосын саясат» деп 30 жыл ұрандатып жүріп, Адамның басты құндылық екенін ескермей, оның тәрбиесін көңілден шет, көзден таса қылғанымыз өте өкінішті...

Мемлекет басшысы ұлтымыздың жаңа келбетін айқындайтын тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық сияқты негізгі басымдықтарға жеке-жеке тоқталды. Мемлекеттік тілге қатысты «тіліміздің қолдану аясын кеңейте түсу мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып қала беретінін мәлімдеп, бұл үрдісті одан әрі дамытудың ең тиімді жолы әрі төте жолы ағартушылық деп санайтынын айтты. Бұған қоса, кітапхана ісін өркендетуге бейжай қарауға болмайтынын атап өтіп, көп ұзамай Алматы мен Астанада тәулік бойы жұмыс істейтін заманауи кітапханалар бой көтеретінін жеткізді. Жасап отырған жұмысымызға қатысты болғандықтан, осы идеяға кеңірек тоқталғым келеді.

Бізге белгілісі әр елде кітап оқу мәдениеті әр деңгейде. Мысалы, әртүрлі әлеуметтік желілердегі ақпараттарды сараптасақ, дүниежүзі бойынша кітапты көп оқитын ел Жапония екен. Күншығыс елінде бір жылда 25 мыңнан астам кітап саудаға түседі. Әрбір жапондық жылына 25 кітап оқиды, ал Түркияда алты кісі жылына 1 кітап оқиды, яғни жылына 150 түріктің оқығанымен 1 жапонның оқығаны тең боп тұр. Десек те, түріктер қызметке маман қабылдағанда оның көркем әдебиетке қаншалықты қызығушылық танытатынына өте жоғары мән береді екен. Бір көңіл тоқтататын жағдай, батыста теледидар, ғаламтор қарқынды дамыған сайын жұртшылықтың кітапқа деген қызығушылығы да арта түскен. Ал кітап басу көшін Ұлыбритания бастап тұр екен. Екінші орында Германия еншілейді. Үшінші орын Америкаға тиесілі. АҚШ-та өткен ғасырдың сексенінші жылдарында 8-9 миллиард доллардың кітабы сатылса, жыл сайын бұл көрсеткіш екі есеге өсіп отырған. Кітап – ондағы халықтың иммунитеті болса, кітапхана – халықтың ең сүйікті, қасиетті, қастерлі мекеніне айналған. Америкалықтар қалт етсе (саябақта, жолда, автобуста, жағажайда, түскі үзілісте де) кітап оқиды. Кітапты көп оқудан үнділер мен қытайлар, таиландтықтар, филиппиндер, египеттіктер мен чехтар да дес бермей келеді. Тек қазақтың бұл көшке ілесер қошы жоқ сияқты. Дегенмен Қазақстан кітап қоры жөнінен әлемде 41-орында екен. Еліміздегі әрбір мың тұрғынға 249 кітаптан келеді. Бұл тәуір көрсеткіш. Ал біздің облысымызда 209 кітапхана бар. Халық саны 836 мыңнан сәл асады. Тіркелген оқырмандар саны 254887 адамды құрайды. Жалпы кітап қоры – 4552669 дана. Осыны әрбір оқырманға шаққанда 17 кітаптан ғана келеді. Бұл орташа көрсеткіш. Бір қуанарлығы, кейінгі жылдарда облыстық бюджеттен кітап сатып алуға қаржы бөлу ұлғайып келеді.

Кешегі Құрылтайда Президентіміз «Тек ақпараттық технологияның пайдалы жағын алып, зиянды жағынан сақ болған жөн. Ашығын айтсақ, интернетті талғамсыз пайдалану бала тәрбиесіне теріс ықпал етіп жатыр. Бұл – өкінішке қарай, ақиқат. Балалар түгілі, ата-аналар да әлеуметтік желідегі мағынасыз контентке тым әуес. Біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз... Жалпы бұл саланы жетілдіру үшін басқа да ауқымды шараларды қолға алу қажет» деп айрықша маңыз берді. Бұдан шығатын қорытынды, біз оқырман дайындауды жүйелі қолға алуымыз қажет.

> Әлемнің ұстазы әл Фараби бабамыз «Тәрбиесіз білім алған адам – адамзаттың қас жауы» деп ешқашан өзектігін жоймайтын өсиет қалдырған. Ғұламаның осы өсиетін әрбір мектептің маңдайшасына жазып қойса да артық болмас еді. «Алдымен – экономика, сосын саясат» деп 30 жыл ұрандатып жүріп, Адамның басты құндылық екенін ескермей, оның тәрбиесін көңілден шет, көзден таса қылғанымыз өте өкінішті...

Кітапхана саласының іскер басшыларының бірі, Астанадағы Ұлттық кітапхана директоры Ғазиза Құдайбергенқызы өткен жылдың 28 қаңтарында «Айқын» газетіне берген сұхбатында тілшінің «Әлеуметтік желіде шетелдегі ерекше кітапханалардың суреттерін жиі бөлісесіз. Бұл Қазақстанда заманауи жабдықталған, кітап қоры мол, әлемдік деңгейдегі кітапхана ашылса деген арманыңыздан ба?» деген сауалына «Дұрыс байқадыңыз. Бұл мессендж қоғамға, Үкіметке арналған. Сондай кітапханалар біздің елімізде неге жоқ? Мысалы, көрші Ресейдің кітапханашыларының күші мықты. Олар «культура» деген жоба жасап тастаған. Жыл сайын миллиардтаған қаржы, грант бөлінеді. Жылына 100-ге жуық кітапхана модернизациядан өтеді. Ал Қытай кітапхана салудан алда. Соңғы рет желіге Жапониядағы судың үстіне салынған кітапхананы жүктедім. Франция, Милан, Жапония, Мельбурндағы ерекше кітапханаларды да бөлісіп жүрмін. Алматы мен Астанадан неге турист тартатын осындай ерекше кітапхана салмасқа? Өткенде Анкарадағы кітапханада болдым. Ол жерге келетін халықтың қарасы қалың. Күніне оқырмандарға тегін бір уақыт ыстық тамақ, су береді. Төмен қарай кітап сақтайтын жеті қабаты бар. Ташкенттің ұлттық кітапханасы тікелей Президент әкімшілігіне қарайды екен. Біз 3 сканерге қуанып отырсақ, оларда 38 сканер бар. 24 сағат кітапхананың электронды залы жұмыс істейді екен. Ол жерге 100-ге жуық компьютер қойылыпты. Бізде кітапханаға көңіл бөлінбей жатыр деп айта алмаймын. Бірақ модернизациядан өткен, жаңа талапқа сай, кітапхана ісі автоматтандырылған жер жоқ. Кітапханаға бару пайдалы деп айтып отыратын мораль жастарға өтпейді. Кітапхананы қазіргі заман талабына сай сәулетті етіп салсақ, адамдар өздері-ақ келер еді» деп жауап берген.

Былтырғы Түркістанда өткен, кешегі Атыраудағы Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысының кітапхана ісін дамытуға жиі-жиі оралуы аталған саланы өркениетті елдердегідей заманауи деңгейге жеткізу мұратынан туындады деп түсінеміз. Бұл бағытта соңғы жылдары еш жұмыс жүрмеді деуден аулақпыз. Жастарды, әсіресе, мектеп оқушыларын кітап оқуға тартуда қолға алынған ауқымды жобалар болды. Мысалы осындай «Мектеп жасындағы балалардың оқуына ұсынылатын көркем әдебиеттердің тізімі» атты жоба әзірленді. Оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен 2022 жылы қолға алынған бұл жұмысқа Қазақстан Жазушылар одағы (төрағасы – Ұ.Есдәулет), М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты (директоры – К.Матыжанов), Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана (директоры – А.Сайдембаева) және Абай атындағы республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын мектеп-интернатының (директорының міндетін атқарушы Ж.Айдарбекова) ұжымдары атсалысып, келісілген. Жоба бойынша 6-18 жас арасындағыларға қазақ әдебиеті туындылары мен шетел әдебиеті аудармаларынан қазақ және орыс тілдерінде жас ерекшеліктеріне қарай 1000 (мың дана) көркем әдебиет оқу ұсынылған. Өкініштісі, нақты іске аспай қалды. Қазіргі таңда аталған жобаны облыстық білім және мәдениет, архивтер және құжаттама басқармалары қайта қолға алып, бірлескен іс-шара жоспарын бекітуді келісуде. Егер осы жоба іске асатын болса, онда ол біздің Мемлекет басшысының көтерген бастамасына деген қажетті қолдауымыз, өскелең ұрпақтың рухани кемелденуіне қосқан үлесіміз, интеллектуалды ұлт қалыптастыруға ұмтылған нақты қадамымыз болар еді.

Нұрлыбек МЫҢЖАС,
Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты

Сыр бойы газеті 95 жыл

Бұл сонау 1948 жыл. Ауылдан қалаға келген кезіміз. Жетіжылдықты бітірген куәлігімізді қолтығымызға қысып, педучилищенің қабылдау бөліміне құжат тапсырдық. Қала ол кезде шағын. Ең үлкен көше Карл Маркс пен Энгельс, Журба, сонан соң Ленин. Әр көшеде су сататын киоскі бар. Қалтамызға тиын түссе, тәтті сусынға жұмсаймыз. Ауыл баласына қала қызық. Сонымен әкеміздің «Балам, мұғалім бол» деген тапсырмасымен Қызылорда педучилищесінің студенті атандық. Лезде бірер курс жүйткіп өте шықты. Ой, не айтасың бір күні оқу орнымыз Түркістанға көшетін болды, оқуды сонда жалғастырдық.

Редактор Сарбасов

Оқу бітіріп, туған жерге оралдық, мектептерге орналасу қиын болды. Тамыр-таныс жағалап, туған жерім «Қоғалыдағы» мектепке пионер вожатыйлыққа әрең қолым жетті. «Жас Алаш», «Қазақстан пионері» газетіне, жиілетіп «Ленин жолына» мақала жазамын. Бұл да пионер вожатыйлық алпыс сом жалақыға үлкен қосымша болды. Көп ұзамай «ауыл тілшісі» деген куәлік алып, биіктей түстім. «Ленин жолындағы» хат бөлімінің меңгерушісі Ә.Оңалбаев аға жиі ақыл-кеңес беріп, хат жазады. Ауылдан демалыс сайын редакцияға соғуды жиілеттім. Редакция ол кезде Джерзинский көшесіндегі №8 үй. Бір кездегі саудагердің үйі десетін, жалғыз қабатты ағаш үй. Редакцияда Орман, Мәлік, Ахметжан, аудармашы Бұрхан Ысмайылов атты ағалармен таныстық басталды. Жазған дүниелеріме ақыл-кеңес береді. Бұған төбем көкке жеткендей мәз боламын.

Бір күні редакция кеңсесінің алдында тұрғанымда ат арбадан бір кісі түсті. Сәлемдестім.

– Жай жүрсің бе, қалқам? – деді ол кісі жылы шыраймен.

– Ауылдан мақала әкеліп едім.

– Жүр кеңсеге, – деді алға озып.

Бөлмесіне кірдік. Жазған дүниелерімді оқып шықты да Әбдікәрім Оңалбаев ағаға: – Мына баланың жазғандарын әзірле, – деп тапсырма берді.

Бұл редактор Базарбай Сарбасов ағамен алғашқы танысуым еді.

Ол кезде редакторларда қазіргідей машина жоқ. Барар жерлеріндегі жиын-жиналыстарға, бюроға ат арбамен баратын еді.

Ауылға бір бет болып шығатын «Ленин жолы» жиі келеді. Әр санын асыға күтіп, жазған дүниелерім шыққа бір көтеріліп қалатын кез. Мектептегі мұғалімдер мені «журналист вожатый» деп атап кетті.

Редактор Базарбай Сарбасов 1946-1949 жыл аралығында газет басшысы болды. Қаламы жүйрік журналист майданға қатысқан, рота командирі болғанын айтқаны бар. Дивизия командирі жас жауынгердің қабілетін, ширақ қимылына риза болып, пистолет сыйлағанын бір әңгімесінде айтқаны естен кетпейді. Сол пистолетті қалтасынан тастамай жүретін-ді.

Газетте егіншілік мәдениеті, ауыл өмірі туралы сын мақала жиі көтерілетін. Бірде қаладағы институтта жемқорлық жайлағаны әңгіме болып, содан редактор Базарбай Сарбасов пен тілші Меңдияр Киікбаев екеуі бірігіп, «Рыбкин бастық, Темірбеков жастық, Сатыбалдиев қапшық» деген фельетон жарияланды. Фельетон үлкен қозғау туғызып, пединституттың үш бірдей бастығы көп ұзамай қызметінен қош айтысқаны бар.

Газеттің ол кездегі материалдық-техникалық базасы жұтаң еді. Барлық жазылған дүние қолмен теріліп, газет баспадан қорғасынға құйылып шығатын. Таңды атырып, аптасына 2 рет шығатын басылым оқырманға арбамен жөнелтіліп жататын-ды.

Газет редакторы Базарбай Сарбасов бар қиындықты жеңе отырып, творчестволық ұйымды іскер кадрлармен нығайта білді. Зайыбы Бәну Жандосова жазықсыз «халық жауы» атанып кеткен Ораз Жандосовтың қарындасы еді. Мұны сылтау еткендер де болды, бірақ адал азаматқа кір келтіре алмаған еді. Ұйымды кәсіби журналистермен нығайтудан жаңылмады. Үш жылға жуық қызмет атқарған қаламы жүйрік журналист өмірінің соңғы жылдарында «Теміржолшы» газетін басқарды.

«Сыр бойы» газетінің 95 жылдығы аясында редактор Базарбай Сарбасов сынды азаматты тағы бір еске алып, тағзым етуді парыз тұттық. Ардагер майдангер журналистің атында қалада көше бар. Еңбек ардагері Д.Шомановтың «Ғибратнама» атты естелік кітабында «Журналист Сарбасов» атты тарау қаламгер өмірінен сыр шертетінін де айта кетейік.

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,
Қазақстанның Құрметті журналисі

ДЕНСАУЛЫҚ

Күйеуі әйеліне бір бүйрегін берді

Қызылордалық 58 жастағы азамат өзінің 49 жастағы әйеліне бір бүйрегін берді. Олардың екеуінің де қаны бірінші топта, денсаулық жағдайы өзге де талаптарға сай келген.

Облыстық көпбейінді ауруханада екі күн бойы қатарынан бүйрек жеткіліксіздігі жағдайына байланысты күрделі екі ота жасалды. Олардың екеуі де әйел, бірі – 46 жаста болса, екіншісі – 49 жаста. Біріне туған бауыры, енді біріне күйеуі донор болған. Екеуі де созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі ауруына шалдыққан. Бірі жасанды бүйрек аппаратымен үш жылға жуық ем алып жүрген.

Отаға облыстық көпбейінді ауруханаының директоры, PhD доктор, трансплатолог Жасұлан Баймаханов, А.Сызғанов атындағы ұлттық ғылыми хирургия орталығының бүйрек трансплантациясы, урология және нефрология бөлімшесінің басшысы Исла Мададов, аталған орталықтың операциялық блок меңгерушісі, уролог-трансплантолог Ернұр Белгібаев, уролог, екінші санатты хирург дәрігер Ельшад Набиев және өзге де білікті мамандар қатысты.

Бірнеше сағатқа созылған екі ота да сәтті өтті. Білікті мамандар тәжірибесін еліміздің өзге өңір дәрігерлерімен онлайн түрде «Бүйрек трансплантация» атты шеберлік сағатында бөлісті. Білікті мамандар қызылордалық дәрігерлер жасаған күрделі отаның сәтті өткенін лайықты бағалап, тың ізденіс жасалып жатқанын атап өтті.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Ысқақов Алматыдан арнайы келген А.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығының дәрігерлеріне өте маңызды отаның сәтті өтуіне қосқан үлесі үшін алғысын жеткізді. Басқарма атынан Алғыс хат табыс етті.

Айта кетсек, өткен жылдың желтоқсан айында алғаш рет бүйрек ауыстыру отасы жасалған еді. Оны А.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы басқарма төрағасы, медицина ғылымдарының докторы, профессор Болатбек Баймахановтың жетекшілігімен қызылордалық дәрігерлер сәтті атқарып шықты.

«СБ» ақпарат

БРИФИНГ

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР
күшейтілген режимде жұмыс істейді

Алдағы мереке күндерінде облыс тұрғындарын үздіксіз жылумен және табиғи газбен қамтамасыз ету үшін тәуліктік кезекшілік ұйымдастырылады. Сондай-ақ облыс тұрғындарына электр энергиясы мен ауызсудың үздіксіз берілуі де қатаң бақыланады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында сала мамандары жеткізді.

Коммуналдық қызметтердің үздіксіз жұмыс істеуі үшін дайындық жасалған. Мамандар күшейтілген режимге көшіп, тәулік бойы жұмыс істемек.

– Облыс көлемінде 21-25 наурыз аралығында электр жарығымен қамтамасыз ету мақсатында жауапты мамандар бекітілді. Электр жарығын үзбеу үшін аудандық электр тораптары бекітілген ауысымға сәйкес жұмыс істейді. Егер қала тұрғындары тарапынан сұрақтар туындаған жағдайда «Орталық» АЭТ – 23-56-43, «Қызылжарма» АЭТ – 25-48-50, «Тасбөгет» АЭТ – 21-50-05 жедел нөміріне қоңырау шалуына болады, – деді Қызылорда электр тарату тораптары АҚ-ның басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Шалқар Рахышев.

Бұдан өзге ауызсу, жылу, газбен қамту бағытында да бақылау бар. Сала басшылары арнайы шара ұйымдастырып, қауіпсіздік ережесін сақтауға шақырды.

– Аймақ тұрғындарына газ тұтыну жабдығын пайдалану кезінде қауіпсіздікті сақтау үшін дабылқаққыш қондырғысын орнатуды ескертеміз. Сонымен қатар, үйде газ иісі анықталған жағдайда дереу 104 телефоны байланысы арқылы авариялық-диспетчерлік қызметке хабарласуыңызды сұраймыз, – деді «КазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы апатты-диспетчерлік қызметінің бастығы Базарбек Ерімбетов.

Тұрғын үйде өрт жиілеген

Жыл басынан бастап облыс аумағында 77 өрт оқиғасы тіркелген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 9 пайызға аз. Сала мамандарының айтуынша, жазатайым оқиғаның көбі тұрғын үйлерде орын алған. Бұл туралы облыстық ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының басшысы Асхат Оразбеков айтты.

– Орын алып жатқан жағдай тұрғындардың өрт қауіпсіздігіне салғырт қараудан туындауда, яғни тұрмыстық пештің техникалық жағдайына мән бермеу, балаларды қараусыз қалдыру, өрт қауіпсіздігі ережесін сақтамау басты себепке айналып отыр, – дейді Асхат Плалұлы.

Сондай-ақ көпқабатты тұрғын үйлердегі жертөле мен шатырды паналайтын баспанасыз азаматтар бар. Олар темекі шегу әрі от жағу арқылы төтенше жағдай туғызуда. Аталған мәселе бойынша полиция қызметкерлері мен пәтер иелері кооперативінің өкілдері рейд

жүргізіп, қауіпсіздік шарасын сақтауға кірісетін болады.

«СБ» ақпарат

АКАДЕМИЯ СЛУХАДАН СЫЙЛЫҚТАР:
1+1: екінші есту аппараты және теледидар көмекшісі тегін!

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, шамамен 460 миллион адам есту қабілетінің жоғалуынан зардап шегеді және 2050 жылға қарай 900 миллионға дейін өсуі мүмкін! Сонымен қатар, анықталған есту қабілетінің жоғалуы өмір бойы дамиды[1].

Есту аппаратымен түзетілмеген есту қабілетінің жоғалуы қаншалықты қауіпті?

ДДҰ мәліметтері бойынша, есту қабілетінің жоғалуы балалар мен қарт адамдар үшін ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін:

• Есту қабілеті нашар балалар кеш сөйлей бастайды, сөздерді жиі қате айтады. Оқу кезінде олар есту қабілетін жоғалтпайтын құрдастарына қарағанда нашар баға алады.

• Есту қабілеті нашар ересектерге жұмыс табу қиынырақ, олар сол лауазымдағы басқа адамдарға қарағанда аз жалақы алады.

• Есту қабілеті нашар егде жастағы адамдарда Альцгеймер ауруы қаупі жоғары, есте сақтау қабілеті мен зейіні нашарлайды[2].

Есту қабілеті нашар адамдарда қандай белгілер бар?

• Теледидардың, телефонның дауысы ақырын-ақырын жақындары адаммен бір пәтерде бола алмайтын деңгейге дейін көтеріледі. Оның үстіне оған дыбыс мүлдем қатты болып көрінбейді.

• Адам сөздерді нашар талдай бастайды, оған басқалар түсініксіз сөйлейтін сияқты.

Күмәнданған кезде дәрігермен кеңесіп, арнайы жабдықта есту тестінен өту керек.

Екі есту аппараты қалай көмектеседі? Неліктен екеуі қажет?

Екі есту аппараты есту қабілетінің жоғалуын жеке-жеке толықтырады және әңгімелесушілер бір уақытта сөйлесе де сөздердің анықтығын арттырады. Дұрыс күйге келтіру арқылы сіз жақындарыңызбен оңай сөйлесе аласыз және айналаңыздағы әлемді ести аласыз.

Тек осы көктемде ғана:

• Есту протезінің үлкен тәжірибесі бар сарапшының қабылдауына кіре аласыз

• **Сыйлық ретінде екінші есту аппаратын** аласыз! Егер сізге бір құрылғы қажет болса, оны **30% жеңілдікпен сатып ала аласыз!**

• **Сатып алуды 12 айға дейінгі мерзімге алғашқы жарнасыз бөліп төлеуге рәсімдей аласыз!**

• **66%-дан 100%-ға дейін жеңілдікпен ТД-стримерін ала аласыз.**

Сіз: Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, 6-үй, 12 үй мекенжайы бойынша кездесуге жазылып, есту аппаратын сатып ала аласыз, телефон: +7 7242 40 00 48, 8 800 080 80 85 (қоңырау шалу тегін) https://www.as.clinic/kz/

Акция барлық есту аппараттарына қолданылмайды. Тауарлардың толық тізімін және қатысу шарттарын орталық қызметкерлерінен нақтыланыз. Есту аппараттарын өндірушілер: "Аурика" ЖШҚ, Аурика Атом есту аппараттарының желісі, тір. ҚР ИМ (МТ) -0 19.12.2023, №027463 куәлігі мерзімсіз берілген. Сауда өкілі: "InterSound (ИнтерСаунд) ЖШС, заңды мекенжайы: 160012, Қазақстан, Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, 17 ш/а, 1А үй;

Сыйлық ретінде теледидар көмекшісін тек екі Аурика Атом P100w (8 арна) немесе бір Аурика Атом P100w (12 арна) немесе одан жоғары аппаратын сатып алғанда ғана алуға болады; Бөліп төлеуді "InterSound (Intersound)" ЖШС 3 айдан 12 айға дейінгі мерзімге, 178200 теңгеден басталатын сомаға береді; бірінші жарнасыз бөліп төлеу тек қана Аурика Атом P100 есту аппараттарын сатып алғанда және тек зейнеткерлерге қолжетімді.

Есту аппаратын қолдану көрсеткіштері: бір немесе екі құлақтың есту қабілетінің айтарлықтай дәрежесі.

ҚОЛДАНАР АЛДЫНДА НҰСҚАУЛЫҚПЕН ТАНЫСЫП, МАМАНМЕН КЕҢЕСІҢІЗ!

[1] Мақалада келтірілген ақпарат Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының 2020 жылы Дүниежүзілік есту күніне арналған презентациясында келтірілген мәліметтер негізінде ұсынылған: https://cdn.who.int/media/docs/default-source/campaigns-and-initiatives/world-hearing-day/world-hearing-day-2020-presentation.pdf?sfvrsn=60d179d1_0

[2] Мақалада келтірілген ақпарат Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының 2020 жылы Дүниежүзілік есту күніне арналған презентациясында келтірілген мәліметтер негізінде ұсынылған: https://cdn.who.int/media/docs/default-source/campaigns-and-initiatives/world-hearing-day/world-hearing-day-2020-presentation.pdf?sfvrsn=60d179d1_0

KazTransOil

ЕСКЕРТУ

«ҚазТрансОйл» АҚ Қызылорда және Ұлытау облыстарының аумағында «Құмкөл-Қарақойын» магистральды мұнай құбырлары, ТОБЖ байланыс желілері салынғанын, олар шақырымдық бағандармен және ескерту белгілермен белгіленгенін ескертеді.

ҚР-ның «Магистральдық құбыр туралы» Заңына және Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелеріне сәйкес, келесі күзет аймақтары белгіленеді:

1. Мұнайды тасымалдайтын магистральды мұнай құбыры трассасы бойында – құбыр осінің әрбір жағынан 50 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде; ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерде магистральдық құбырдың күзет аймағы құбыр осінің әрбір жағынан 25 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектеледі;

2. бір техникалық дәлізде төселген көп желілі құбырлардың трассалары бойында – шеткі құбырлардың осьтерінен 1) тармақшамен қарастырылған қашықтықтарда шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде;

3. суасты өткелдері бойында - өткелдердің шеткі желілері осьтерінің әрбір жағынан 100 метрге кейін қалатын қатар жазықтықтар арасында орналасқан су бетінен түбіне дейінгі су кеңістігі учаскесі түрінде;

4. өнімді авариялық шығаруға арналған жер қамбалары төңірегінде – аталған объектілер аумақтары шекарасынан барлық жаққа 50 метрге кейін қалатын тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде;

5. бас және аралық айдау және құю сорғы станциялары, резервуар парктері, компрессорлық және газ тарату станциялары, өнім өлшеу тораптары, құю және қотару эстакадалары, газды жерасты сақтау станциялары, мұнайды, мұнай өнімдерін қыздыру пункттері төңірегінде - аталған объектілер аумақтарының шекараларынан барлық жаққа 100 метрге кейін қалатын, тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде орнатылады

6. орманы жоқ учаскелерде елді-мекендерден тыс орналасқан жер асты кәбілдік және әуе байланыс желісі мен радиофикация – жерасты кабель трассасы немесе шеткі әуе желілері сымдарының әрбір жағынан кемінде 2 метр қашықтықта орналасқан тікелей параллельмен белгіленетін осы желілері бойымен жер учаскелері түрінде.

ҚР ЕЖ 3.05-101-2013 «МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРЛАР» СӘЙКЕС 30-ДАН 150 МЕТРГЕ ДЕЙІН ЕҢ АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІ БЕЛГІЛЕНЕДІ. ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА ЕРЕЖЕЛЕР ЖИЫНТЫҒЫМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН ЕҢ АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІНДЕ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРҒА ЖАТПАЙТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ОБЪЕКТІЛЕРДІ САЛУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:

Құбырлардың күзетілетін аймақтарында құбырлардың қалыпты пайдаланылуына немесе олардың бұзылуына әсер ететін түрлі әрекеттерді жасауға тыйым салынады, соның ішінде:

- тану белгілерін, бақылау-өлшеу пункттерін ауыстыруға, үюге және сындыруға;
- кабель желілерінің қызмет көрсетпейтін күшейту пункттерінің қақпақтарын, қақпаларын және есіктерін, желілік арматураның торап қоршауларын, катодты және дренажды қорғау стансаларын, желілік және қарау құдықтары мен басқа желілік құрылғыларды ашуға, крандар мен ысырмаларды ашып, жабуға, байланыс, энергиямен қамтамасыз ету және құбыр телемеханикасы құралдарын өшіруге;
- түрлі қоқыс орындарын жасауға, қышқылдар, тұздар мен сілтілердің ерітінділерін төгуге;
- жаға бекіту имараттарын, су өткізу құрылғыларын, құбырларды, байланыс желілерін бұзудан, ал жақын аумақ пен айналадағы жерді апаттық құйылу мен тасымалданатын өнімнен қорғайтын жер және өзге имараттарды (құрылғыларды) бұзуға;;
- зәкірлерді суға тастауға, суға тасталған зәкірлермен, тізбектермен, сүйретпелермен және тралдармен өтуге, тереңдетіп қазу мен жерге батыру жұмыстарын жүргізуге;
- от жағуға немесе ашық немесе жабық от көздерін орналастыруға.

Магистральды мұнай құбырларының күзетілетін аймақтарында «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің жазбаша рұқсатынсыз:

- «ҚазТрансОйл» АҚ-пен орналасу жерін, құрылыс жүргізу, жайластыру және пайдалану тәртібін келіспей магистральды құбырдың және оның күзетілетін аймағы трассасының өткелдерін, топырақ жолдарын немесе өзге уақытша немесе тұрақты көлік қиылыстарын орналастыруға;
- бақ өсіруге және ағаш өсіруге, сонымен қатар жыртылатын тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын қыр ауыл шаруашылық дақылдарды өсіруге бағытталған агротехникалық жұмыстардан басқа, «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келісілмеген қандай да бір жұмыстарды орындауға;
- магистральды құбырларға қызмет көрсетуге және оның физикалық қорғанысын қамтамасыз етуге арналған «ҚазТрансОйл» АҚ-пен орналастырылған жолдарды қалпына келтіруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген жағдайлардан басқа осы жолдар бойынша магистральды құбырларда өртке қарсы және күзет қызметтерін орындайтын қызметкерлердің қозғалысына кедергі жасауға;
- кез-келген құрылыстар мен имараттарды салуға;
- автомобиль көлік құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға;
- мелиоративті жер жұмыстарын жүргізуге, жер суаратын және құрғататын жүйелерді салуға;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келіспей тау, құрылыс, жинақтау және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, топырақты тегістеуге;
- ұңғымалардың, шурфтардың құрылғыларымен және топырақ (жер қыртысының үлгілерінен басқа) сынамаларын алумен байланысты геологиялық түсіру, геологиялық барлау, іздеу, геодезикалық және басқа іздестіру жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында құрылыс нормаларымен және ережелерімен белгіленген минималды қашықтықтарда магистральды құбырларға жатпайтын кезкелген объектілердің құрылысына тыйым салынады.

Магистральды құбырлардың күзет аймақтарында кезкелген жұмыстар мен әрекеттерді орындау қажет болған жағдайда, Кәсіпорындар, Ұйымдар және Азаматтар:

- «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінен «Магистральды құбырлардың күзетілетін аймақтарында жұмыстар жүргізуге» жазбаша рұқсат алуға міндетті. Жұмыстарды жүргізуге рұқсат жұмыстарды жүргізетін адамда жұмыс істеп тұрған құбырлар көрсетілген жобалау құжаттамасы бар болған жағдайда ғана берілуі мүмкін.
- кем дегенде 5 тәулік бұрын «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшесінің өкілін жұмыстарды жүргізу орнына шақыруға;
- құбырлардың және тану белгілерінің сақталуын қамтамасыз ететін ережелерді сақтап, жұмыстарды орындауға міндетті.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелері ҚР «Магистральдық құбыр туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелері, сондай-ақ «Күзетілетін аймақта жұмыстарды жүргізуге арналған рұқсатта» көрсетілген талаптар бұзылып, орындалған жұмыстарды тоқтатып қоюға құқылы.

ҚР «Магистральдық құбыр туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасында телекоммникация желілерін күзету ережелері және ҚР ЕЖ 3.05-101-2013 «Магистральды құбырлар» жергілікті билік пен басқару органдарымен, сондай-ақ басқа да кәсіпорындармен, ұйымдармен (меншік түріне қатыссыз) және құбырлар өтетін аумақта жұмыстар немесе қандайда бір әрекеттер жүргізетін азаматтармен орындау үшін міндетті болып табылады.

Заң, Кодекс, Ережелер мен ҚР КЕ талаптарын бұзушылықтарға кінәлі лауазымды тұлғалар мен азаматтар белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады.

Жоғарыда айтылған барлық мәселелер бойынша мына мекенжайға хабарласу қажет:

ХАЛЫҚТЫҢ, КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ, ҰЙЫМДАРДЫҢ, ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

«ҚазТрансОйл» АҚ Жезқазған мұнай құбыры басқармасы, 100600, Жезқазған қ., Ескі әуежай ауд., Тел: 8 (7172) 55-52-55 – №5 техникалық учаскесінің БДБ диспетчері; 8(7102) 770-255 –«Құмкөл» БМАС ауысымының бастығы-кезекші; 8 (7102) 770-241 – Жезқазған МҚБ бастығының қабылдау бөлмесі.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының ұжымы медицина саласының ардагері
Абпазова Дина Абпазқызының
дүниеден озуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

***

Облыстық психикалық денсаулық орталығының ұжымы медицина саласының ардагері
Абпазова Дина Абпазқызының
дүниеден озуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

20 НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ СПОРТ КҮНІ

Наурыз

Фото: Ашық дерекқоздан.

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ұлықталған күн

Наурызнаманың маңызын байытып, жаңаша атап өту қолға алынғалы ұлттық болмысқа көзқарас өзгергендей. Аталған қадам жаңару мен жаңалыққа бастап, халқымыздың алтын тұғырын нығайта түсті. Оны әз Наурыздағы ұлттық спорт күнінен аңғару қиын емес. Атаулы датаны Сыр өңірі де қалыс қалдырмай, облыс орталығында ұлттық спорт түрлерінен жарыс ұйымдастырылды.

Ерсін ШАМШАДИН, «Сыр бойы»

Қызылорда қалалық ипподромда өткізілген шараға ардагерлер, жаттықтырушылар, спортшылар мен сала мамандары қатысты. Үміткерлер 6 спорт түрінен бақ сынап, арқан тарту, асық ату, көкпар, тоғызқұмалақ, қазақ күресі секілді додада күш сынасты. Ашылу салтанатында облыстық денешынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Жанмұрат Сейілов ұлттық спорттың маңызын жеткізіп, аймақта атқарылған жобаларға тоқталды.

– Өңірде спорт инфрақұрылымын дамытуға көңіл бөлінуде. Мәселен, өткен жылы облыста 13 спорт кешені бой көтерсе, биыл тағы 4 нысан пайдалануға беріледі. Сондай-ақ 6 елді мекенде спорт кешенінің құрылысы басталады. Әрбір жоба Сыр өңіріндегі жастардың шыныққуына және аймақтың спорт жетістігін арттыруға көмегі зор, – деді Жанмұрат Жақсымұратұлы.

Байқағанымыз, спорттық сайысқа түрлі жастағы жерлестер қатысқан. Әсіресе, тоғызқұмалақ пен ләңгі тебу бойынша сынға түскен жасөспірім қатары көп. Көп ішінен аймақ мақтанышы, тоғызқұмалақтан республика чемпионы 12 жастағы Қасымбай Құлмұхамед те бой көрсетті. Жас талант дүбірлі доданы асыға күткенін айтып, жарыс туралы пікір білдірді.

– Туған жерде бақ сынау – үлкен құрмет. Оның үстіне Наурыз мерекесі кезінде ұлттық спорттан жарыс өткені қуантады. Бұл сайысқа ерекше дайындалып, бабымды тағы бір көрсетуге мүмкіндік туды. Алдағы уақытта ел абыройын арттырып, биіктен көрінуге күш саламын, – дейді жас спортшы.

Айта кетейік, шара барысында спорттық ойындармен қатар мерекелік қойылым, ұлттық қолөнер көрмесі ұйымдастырылды. Онда салт-дәстүр жоралғылары көрсетіліп, жерлестердің қолынан шыққан бұйымдар таныстырылды. «Беташар», «Тұсау кесу», «Қой көтеру» рәсімдері, қызкеліншектер арасында «Үздік ұлттық киім» байқауы да көрермен көңілінен шықты.

– Қазақ халқы ұлттық спорт түрлеріне өте бай. Ұлттық ойындар тәрбиелік мәнге толы, оған қоса жастардың ой-санасының жетілуіне ықпалы орасан. Сондықтан береке-бірлік, көктемгі тіршілік, ағайын арасындағы татулық нышанына айналған Наурызда құндылықтың насихатталуы маңызды іс, – деді облыстық спорт ардагерлері кеңесінің төрағасы Жақсыбек Егізбаев.

БӘРЕКЕЛДІ!

Нұрболаттың нысанасы

«Ауыл» партиясының ұйымдастыруымен Астана қаласында өткен «Ауыл нақыштары» дәстүрлі республикалық фотобайқауда әріптесіміз «Сыр медиа» ЖШС-ның фототілшісі Нұрболат Нұржаубай жүлделі II орынды иеленді.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»

«Ауыл нақыштары» байқауы 2023 жылдың 1 қыркүйегінде басталған болатын. Ауылдың шынайы көрінісі, әсем табиғаты арқылы оның тұрмыс-тіршілігіне көпшілік назарын аудару, еңбек адамының қоғамдағы мәртебесін көтеру мақсатын көздеген байқауға еліміздің барлық өңірлерінен партияның сайты арқылы 500-ге жуық жұмыс келіп түскен. Әріптесіміз 122 үміткердің арасынан озық шықты.

– Барлық берекенің бастауы– ауыл. Сондықтан ауыл нақыштарын дәріптейтін мұндай бастамаларды ерекше қолдаймын. Бірге атсалысуға тырысамыз. Байқауға әуесқой фотографтар да, өз ісінің кәсіби мамандары да қатысты. Барлығымызға ұйымдастырушылар бірдей шарт қойды. Әр қатысушыға 3 фотодан жіберу мүмкіндігі болды. Менде бақ сынап көруге тырыстым. Партия басшылығы мен тәжірибелі фотографтар енген кәсіби қазылар алқасы еңбегімді жақсы бағалады. Республика көлеміндегі осындай ауқымды шараны ұйымдастырған «Ауыл» партиясына алғысымды айтқым келеді. Ауылымыз көркейе берсін, – дейді Нұрболат Нұржаубай.

Әріптесімізге шығармашылық табыс тілейміз!

21 НАУРЫЗ– ЫНТЫМАҚ КҮНІ

Алтын арқау

Наурыз

Фото: Ашық дерекқоздан. Коллаж: Г. Әтешова

Жалпы Наурыз мейрамын тойлау дәстүрі дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы замандардан орын алған. Мәселен, Әлем халықтары арасындағы, оның ішінде күншығыс және Кавказ мұсылмандары арасында ежелгі мереке саналып келген Ұлыстың Ұлы күні мейрамы 2010 жылдан бері БҰҰ қарарына орай әлемдік мереке ретінде аталып өтуде.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»

Жыл басы мерекесі үшін халықаралық маңыз беретін бастаманы БҰҰ деңгейіне бауырлас Әзербайжан тарапы ұсынған болатын. Кейіннен Наурыз қарарының жобасын БҰҰ-ға мүше мемлекеттер: Қазақстан, Албания, Ауғанстан, Әзербайжан, Үндістан, Иран, Македония, Тәжікстан, Түрікменстан мен Түркия сынды елдер қарап шығып, өз ұсыныстарымен толықтырды. Сөйтіп, Наурыз – бір ұлттың немесе бір ғана мәдениеттің мерекесі ретінде емес, бүкіл адамзат мұрасының құрамдас бір бөлігі ретінде өз орнын алып отыр.

Қазақ халқы үшін Наурыз мерекесінің маңызы зор. Ұлыстың ұлы күнін мемлекеттік мереке ретінде белгілеп, оның он күн бойына ресми түрде тойлануы осыны аңғартса керек. Жыл өткен сайын Ұлыстың ұлы күнін тойлау мерекесі ауқымын да мазмұнын да кеңейте түсуде. Елімізде осы уақытқа дейін Наурыздан өзге бірде-бір мереке ресми түрде он күнге созылған емес. Наурыз бүгінде өзінің төл бейнесімен қайта қауышып, «Наурызнама» дәстүрі заманауи үлгіде қайта жаңғыруда. Он күнге он түрлі атау беріп, түрлі шаралардың ұйымдастырылуы, оған бүкіл ел болып жұмыла қатысып, әрбір күнге мән мен маңыз берілуі ұлттық мерекеміздің деңгейінің көтерілгендігін көрсетсе керек. Әсіресе, «Ынтымақ» күнін белгілеу ұлт пен ұлыстың бір арнада тоғысуына, адамдардың бір- бірлеріне деген мейірімдерін көрсетуге, елдің, Отанның ынтымағы жолында ауызбіршілік танытып, кез келген жағдайда ұйысуына, салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды дәріптеуге бастама болуда.

Ендеше Наурыз, ең алдымен, қазақтың мәдени мұрасын ұлықтап, ұлттық құндылықтарымызды ерекше қадірлеудің жарқын айғағы. Сондай-ақ Наурыз – достықтың, ынтымақтың, ырыс-берекенің, жаңарудың мерекесі, халықтар бірлігі мен татулығының бастауы. Сондықтан да, бұл мейрам бір ұлтқа ғана емес, жалпы жұртшылыққа ортақ болып, ұлыстардың ұйытқы болуымен жалпыхалықтың мейрамына айналуда.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 22999 Тапсырыс №463 Кезекші редактор **Айсәуле ҚАРАПАЕВА**